

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**Абжанова А.**, магистрант(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент **Смағұлова Г.М.**)Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақстан мен Қытайды ортақ шекаралар, таулар мен өзендер ғана байланыстырып қоймайды. Бүгінде екі мемлекетті екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтар байланыстырады. Солардың ішінде мақала тақырыбына арқау болып отырған білім мен ғылым саласындағы мәдени байланыстар да бар. Бұл бағыттағы байланыстар екі мемлекет арасында жасалған заңнамалық құжаттар мен бағдарламалар арқылы ресми түрде бекітілген және солардың аясында іс жүзінде орындалуда. Алғашқы құжаттардың қатарына екі ел басшылары 1993 жылы қол қойған «Қазақстан Республикасы үкіметі мен Қытай Халық Республикасы достық қарым-қатынастарды дамытудың негіздері туралы бірлескен декларация» жатады. Декларацияның 6-7 тарауларында мақала тақырыбына арқау болып отырған мәселелер былай көрсетілген: «Екі жақ болашақта ғылыми-техникалық ынтымақтастықты нығайтады, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін айналымға енгізеді, ғылыми ақпарат алмасуды кеңейтеді, басым бағыттар саласындағы жобаларды іске асыруға басымдылық береді, ортақ жоспарды іске асыруды ілгерлетеді. Екі тарап Қазақстан мен Қытайдың ведомствалары, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу өндіріс бірлестіктері мен компаниялары арасында тікелей ғылыми-техникалық байланыстар орнатады.

Екі тарап мәдениет, білім беру, спорт, туризм салалары бойынша ынтымақтастықты дамытуды қалайды. Сол үшін, тараптар екі елдің мәдениет ұйымдары арасында тікелей байланыс орнатады және әдебиет көркем өнерпаздар өзара алмасады. Екі жақ та, екі елдің жоғары оқу орындары тіл үйрену, өзара мұғалімдер, студенттер жіберу сияқты салалар бойынша байланыс орнатуы және ынтымақтасуы қажет деп есептейді» [1, б.209].

Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылымды бірлесе отырып игеруге мүмкіндік беретін құжаттардың жасалуына екі мемлекет басшыларының жоғары деңгейде кездесулері кезінде жасалған. Солардың бірі туралы «Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар)» атты еңбекте былай деп жазылған: «1995 ж. 11-13 қыркүйекте Қытай төрағасы Цзянь Циминьның шақыруымен Қазақстан Республикасы президенті Нұрсұлтан Назарбаев ҚХР-ға мемлекеттік сапармен барды. Екі ел басшылары бірнеше маңызды құжатқа қол қойды. Соның ішінде «Метеорология ғылыми-техника ынтымақтастық Шарты» да бар. Осы шарттың негізінде 1996 жылы сәуірдің 15-22 күндері Қытай метеорология басқармасының бастығы Чжоу Чжемин бастаған делегация Қазақстанға сапармен келді. Сапар барысында 1996-1998 жылдарға арналған ынтымақтастық жоспарды талқылады. Тараптар метеорологиялық өзгерістерді зерттеу және спутниктік материалдарды қабылдау, оған талдау жасау және қолдану істері бойынша ынтымақтастық орнатуға келісті. Осы жылдың 10-17 маусымында Қытай Білім министрлігінің шақыруымен Қазақстан Білім министрі бастаған делегация Қытайға барды. Сапар барысында екі министрлік «Қазақстан Республикасы Білім министрлігі мен Қытай Халық Республикасы Білім министрлігі білім беру ынтымақтастық Шартына» қол қойды» [1, 211 б.].

Жоғарыда аталған заңнамалық құжаттардың қатары Қазақстан мен Қытай арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында одан кейінгі жылдары да толықтырыла түсті. Атап айтқанда, Пекинде 2002 жылғы 23 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы «Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарттың» 11-бабында «Уағдаласушы Тараптар мәдениет, білім, туризм, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, дене шынықтыру мәдениеті мен спорт саласындағы жан-жақты байланыстарды кеңейтуге, екі елдің жастар ұйымдары арасындағы алмасуларды ұйымдастыруға зор маңыз береді. Уағдаласушы Тараптар Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде мәдениет, спорт және туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытатын болады» делінген [2]. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 1004 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы 2015 – 2020 жылдарға арналған шекара маңындағы ынтымақтастық бағдарламасында» екі мемлекет арасындағы байланыстарды нығайтуға арналды. Осы құжаттың «Гуманитарлық саладағы алмасу мен ынтымақтастықты кеңейту» деп аталатын 5-ші пунктінде білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайтуды былай деп көрсеткен: «Тараптар:

1) мүдделі мемлекеттік құрылымдар, ғылыми-зерттеу институттары мен шекара маңындағы өңірлердің білім беру ұйымдарының арасында өзара мүдделілікті білдіретін білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты жәрдемдесуге;

2) ғылыми-зерттеу ынтымақтастығының дамуына қолдау көрсетуге;

3) кәсіби даярлау мен адами ресурстарды игеру салаларындағы ынтымақтастық пен алмасуды жан-жақты нығайтуға, тілдік, коммерциялық, техникалық және әкімшіліктік пәнаралық мамандарды бірлесіп дамытуға;

4) ғылым, технологиялар мен инновациялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ технологияларды трансферттеу мен коммерцияландыруға, технологиялық даму бойынша тәжірибе алмасуға жәрдемдесуге ниетті» [3].

Аталған құжаттардың барлығы да Қазақстан мен Қытай арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастыққа екі елдің де мүдделі екендігі нақты көрсетілген. Жасалған құжаттардың аясында нақты іс-шаралар іске асырыла бастады. Осы ретте Қытай Коммунистік партиясы ОК-нің жанындағы Орталық Партия мектебінде Қазақстанмен Қытай арасындағы перспективалы қарым-қатынас туралы дәрісті оқуға мүмкіндік Н. Назарбаевқа берілгенін атап кеткен дұрыс және ол туралы Елбасы өз еңбегінде жазған [4].

Білім беру саласында екі ел студенттерінің білім алуы түрлі жүйе арқылы жүзеге асырылады. Оның біріншісі, екі ел үкіметінің келісімі бойынша мемлекет қаржысымен білім алу; екіншісі, Қазақстандағы «Болашақ» бағдарламасы бойынша; үшіншісі, Қытай Халық Республикасы елшілігі жариялайтын грант шеңберінде; төртіншісі, өз қаражатымен Қытайға барып білім алу. Осындай мүмкіндіктер болғандықтан Қазақстанда және Қытайда білім алуға бiлдіруші жастардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Ең басты мәселе тіл коммуникациясы болғандықтан, екі мемлекет осы жағына да ерекше назар аударады. Нәтижесінде тіл үйрену және мәдени алмасу орталықтары пайда болды. Нақтырақ тоқталатын болсақ, Қазақстанда қытай тілі мен мәдениетін үйренуге қолайлы жағдай жасау үшін, 2007 жылы еліміздің 4 қаласы - Алматы, Ақтөбе, Нұр-Сұлтан және Қарағандыда Конфуцзы институттары ашылды. Конфуцзы институттары тарапынан бөлінетін және «Бір белдеу, бір жол» бағдарламаларының гранттары арқылы қазақстандық студенттер Қытайдың оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болды. Атап айтқанда, біздің ел студенттері Қытайдың Ланчоу, Сиань, Шыхызды, Пекин тәрізді қалалардағы жоғары оқу орындарында бакалавр, магистратура, докторантурада грант арқылы оқиды. Оған дәлел осы мақала авторы 2019-2020 жылы Қытайдың Сиань қаласындағы Сиань шет тілдер университетінде Конфуцзы институтының гранттық бағдарламасымен қытай тілін тереңдетіп үйренуге қол жеткізді. Ал осыған дейін 2016-2017 жылдардың аралығында Уханьдағы Хубэй технологиялық университетінде оқып келді.



Қытай тілін меңгерген жас маман ретінде 2017-2019 жылдар аралығында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Конфуцзы институтында қызмет істеу мүмкіндігіне ие болды. Осы жылдар ішінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстардың дамуына куә болды. Сол іс-шаралардың кейбіріне тоқталып кеткенді жөн деп есептеймін.

2018 жылы шілде айында Қазақстандағы Қытай Халық Республикасы елшілігінің ұйымдастыруымен біздің елдің

делегациясы Пекин, Шанхай (1-сурет), Сиань, Сучжоу қалаларына іс-сапармен болды. Бұл іс-сапардың мүшесі болып менде бардым. Іс-сапар барысында Шанхай қаласының білім департаменті директоры және білім саласына қатысты басқа да лауазымды тұлғалармен кездесу болды.



Шанхай шет тілдер институтындағы кездесуден кейін, 2018 ж.

Кездесу барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы білім саласында пікір алмастық, нәтижесінде Шанхай университеттері Қазақстан студенттеріне алдағы жылдары қосымша гранттар беретінін айтып өтті. Одан басқа Пекин (2-сурет) және Шанхай университеттерінің қазақ тілі мамандығында оқитын студенттермен кездестік.



Пекин университетіндегі студенттермен кездесуден кейін.
Ортада тұрған сол кездегі ҚХР Сыртқы істер министрі Чжан Ханьхуэй

Осы жерде Қытай университеттерінде қазақ тілі мамандығы кім үшін керек, онда кімдер оқиды, жалпы мақсаты қандай деген заңды сұрақтар туындайды. Қытайлықтар тарапынан қазақ тіліне және Қазақстан мәдениетіне деген қызығушылықтың жыл сайын арта түсуіне байланысты, осы елде 2015 жылдан бастап оның бірнеше қалаларында, атап айтқанда Пекин, Шанхай және Даляндағы шет тілдер университеттері жанында «Қазақстан орталықтары» ашылды. Бұл Орталықтың қызметі – қазақ тілі мен әдебиеті арқылы Қазақстанның тарихы мен мәдениетін танытуды, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттап, достық, ынтымақтастық идеяларын жүзеге асыру бағытында жан-жақты іс-шараларды ұйымдастыруды көздейді. Бір жағынан, Орталық арқылы Қытай елінің азаматтарына қазақ тілін оқытып, үйрете отырып, біздің елдің тілі мен тарихына деген қызығушылықты оятатын болсақ, екінші жағынан Орталық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында өзара тиімді халықаралық байланыстар орнату, болашақ мамандардың іргелі шетел университеттерінде тілдік даярлығын шыңдауларына, ғылыми тағылымдамадан өтулеріне жол ашуға көмектеседі. Сонымен бірге университет оқытушы-профессорларының шетелде дәрістер оқып, халықаралық конференция, симпозиумдарға қатысуларына, шетелдік әріптестерімен тәжірибе алмасуына мүмкіндіктер жасайды. Сондай-ақ «Қазақстан орталығы» студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлық бойынша қысқа және ұзақ мерзімді барыс-келісін реттеуге көмектесіп, қажетті оқу-әдістемелік құралдарын шығарып, ғылыми еңбектер жариялауларына да мүмкіндіктер береді екен. Кездесу барысында біз соған көз жеткіздік. Сондай-ақ кездесу кезінде қытайлық студенттер өздерін қазақ тілінде таныстыра отырып, алдағы семестрде Алматы қаласына студенттермен алмасу бағдарламасы бойынша келіп оқитындарын айтты (3-сурет).



Ортада ҚХР-дың Қазақстандағы елшісі Чжан Сяо, 2019 ж.

Астана қаласындағы Конфуцзы институтында жұмыс істеген жылдары білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы көптеген шаралар ұйымдастырылды. Солардың бірі 2018 жылы Қазақстанның халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесі, G-Global халықаралық хатшылығы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Конфуцзы институты және ҚХР Сыртқы істер министрлігінің Қытай қоғамдық дипломатия қауымдастығы мен «Хуаньцюван» халықаралық сайтының ұйымдастыруымен өткен «БАҚ пен мәдениет серіктестігі» атты халықаралық форум өтті [5]. Бұл форумда «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты аясында Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының бес жылдық қорытындысы шығарылып, әрі қарайғы дамуы талқыланды. Форумға Қазақстан мен Қытайдың саясаткерлері, ғалымдары және сарапшылары қатысып, өзара пікір алмасты. Білім мен ғылым саласындағы екі ел арасындағы байланыстар туралы Қазақстанның халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесінің төрағасы, «Қазақстан» РТРК Басқарма төрағасы Ерлан Қарин өзінің ойын «Бір белдеу, бір жол» Қазақстан мен Қытай арасындағы, Еуразия кеңістігіндегі экономикалық-мәдени, білім саласындағы байланыстарға тың серпін берді», - деп түйіндеді [5].

Жалпы айтқанда қазақстандық студенттердің Қытайдың жоғары оқу орындарында оқитындардың саны жыл сайын көбейе түсуде. Мерзімді басылымдар беттеріне жарияланған мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2020 ж. Қытайда оқитын қазақстандықтардың саны 14 мыңнан асады [6] және олардың 99 пайызы Қытай үкіметі бөлетін гранттық негізде білім алады екен [7]. Сәйкесінше Қытайдан Қазақстанның жоғары оқу орындарына келіп оқитындардың да саны артып келеді. Бірақ олар туралы жаңа мәліметтер кездестірмедік. Ақпараттық құрал көздерінде тек 2018 жылдың мынадай мәліметі бар: «2018 жылы Қазақстанда 14 мыңға жуық шетелдік студенттер оқиды, оның ішінде Қытайдан келгендердің саны 1290» [8].

XXI ғасыр заманауи технологиялар мен инновациялар заманы болғандықтан, ғылыми саладағы ынтымақтастықтың алатын өзіндік орны бар. Әсіресе, ақпараттық технология, экология, биотехнология және биоинженерия, космосты игеру тәрізді көптеген салалар мемлекеттік деңгеймен қатар, өзара ынтымақтастық арқылы дамиды. Сондықтан Қазақстан мен Қытай Республикаларының ғылым академиясы арасындағы байланыстарды дамыта отырып ынтымақтасу да заңнамалық құжаттарда қарастырылған. Екіжақты және көпжақты деңгейде ғылым саласындағы ынтымақтастықтың деңгейлерін тереңдетуге арналған ғылыми конференциялар, форумдар мен симпозиумдарды өткізу соның айғағы.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, екі ел арасында дипломатиялық қатынас орнағанан бері Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың дамуына ілесе, екі ел арасындағы мәдени байланыстар да жаңа деңгейге шықты. Әрине, Қытайдың тез қарқымен экономикалық дамуына байланысты, оның әлемдік экономикалық ықпалының нығаюмен қатар, халықаралық деңгейдегі мәдени ықпалы да жыл өткен сайын күшейіп келе жатқаны белгілі. Ал Қазақстан мен Қытай арасындағы сан ғасырлық мәдени алмасулар мен өзара ықпалдастық екі ел халықтарын өзара

түсінісуге дәнекерлік рөл атқарып келеді. Осы тұрғыда Қазақстан-Қытай арасындағы білім мен ғылым саласындағы мәдени байланыстар тараптардың өзара түсіністігі нәтижесінде дамып, екі ел арасындағы аталған бағыттағы ынтымақтастық одан әрі жандана түсетіні сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Кәрібжанов Ж., Мұқаметханұлы Н. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 254 б.
2. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарты / [Электрондық ресурс]. - қол жетімді: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000420>
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы 2015 – 2020 жылдарға арналған шекара маңындағы ынтымақтастық бағдарламасы/[Электрондық ресурс]. – Қол жетімді: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001004>
4. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. –Б.457 / [Электрондық ресурс]. - Қол жетімді:<https://elbasy.kz/sites/default/files/pagefiles/2019-07/38c124e6864be4e165f7b53504281d9e.pdf>
5. Электрондық ресурс: <https://kaz.nur.kz/1751684-astanada-bir-beldeu-bir-zol-bastamasyny-ndestik-ni-atty-forum-tti-foto.html>
6. Сколько студентов РК в Китае? / [Электронный ресурс]. –Режим доступа:https://kzaif.kz/dontknows/skolko_studentov_rk_v_kitae/
7. Практически все казахстанцы обучаются в китайских вузах за счет Пекина / [Электронный ресурс]. – Режим доступа:<https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/>
8. Сколько иностранных студентов учатся в Казахстане / [Электронный ресурс]. – Режим доступа:https://forbes.kz/process/education/skolko_inostrannyih_studentov_uchatsya_v_kazahstane/

ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕГІ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әбікенова А.Т., магистрант

Шотбакова Л.К., т.ғ.к., доцент

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі кезде әлемнің барлық елдерінде тарихи қалыптасқан «ер-азаматтардың әйелдерден артықшылығы» деген ұғым өзгерді. Дамыған өркениетті елдерде мүмкіншілігі жағынан әйелдер мен ерлердің құқықтары іс жүзінде теңесті. Әйелдер құқығы өмір сүруге, еркіндікке, өмір сүрудің жақсы деңгейіне, бірдей еңбек, бірдей ақы төлеу, білім алу және шешім қабылдауға құқығы бар деген адам құқығы ұғымның төңірегінде қарастырылады. Осыған орай халықаралық деңгейдегі гендерлік теңдік мәселесін қарастыратын бірқатар құжаттарды қарастыру және оларға талдау жасау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Осымен бірге, гендерлік теңдік мәселесі қазіргі заманның маңызды әлеуметтік проблемаларының бірі болып саналатындығын ескеру қажеттілігінің өзі аталған мәселенің халықаралық және ұлттық деңгейлердегі құқықтық нормаларына талдау жасауды қажет етеді. Осындай құжаттардың басым бөлігі әмбебап ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) құрылымдарында қабылданған.

Мысалы, 1945 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында әйел-делегаттар әйелдердің проблемаларына арнайы назар аударуды талап етті. Сол кезде құрылған Адам құқықтары бойынша комиссия жанындағы Әйелдердің жағдайы жөніндегі шағын комиссия нәтижесінде 1946 ж. БҰҰ-ның Әйелдердің жағдайын жақсарту бойынша Дүниежүзілік Экономикалық және Әлеуметтік комиссия жанындағы комиссиясы болып қайта құрылған болатын [1, 3–7 бб.].

Арине, БҰҰ-ның адам құқықтары саласындағы ең маңызды құжаттарының бірі болып 1948 ж. қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы табылады. Бұл құжатта отбасының құндылығы және оның қоғам дамуындағы және әрбір адамды қалыптастырудағы ерекше рөлі анықталған. Қоғам мен мемлекет тарапынан отбасы мүшелері мүдделерін қорғау басымдығы туралы халықаралық құқық нормалары Еуропаның көптеген дамыған елдерінің конституциялық заңнамаларында толық көлемде көрініс тапқан [2].

1967 жылы халықаралық қауымдастық «Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі Декларация» қабылдаған болатын. Бұл Декларацияда адам құқықтары мәселесіндегі жетістіктерге